

**6D030300 – Құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған «Қазақстанның қылмыстық-құқықтық саясатында жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ету» тақырыбындағы Шегебаева Айгерім Рысбайқызының диссертациясына
ШКІР**

I. Зерттеу тақырыбының өзектілігі және оның жалпы ғылыми және мемлекеттік бағдарламаларымен (практиканың және ғылым мен техниканың дамуының сұраныстарымен) байланысы.

Дамыған мемлекеттік елдерде, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап жеке өмір саласын құқықтық қорғау адам құқықтарын қамтамасыз ету саласындағы басым бағыттарының бірі болды. Оған көптеген теориялық зерттеулер арналған.

Отандық заңдық ғылым мен тәжірибеде жеке өмір саласын, оның ішінде ақпараттық технологияларды пайдалануға байланысты құқықтық қорғау мәселелері әлі күнге дейін өзінің дәлім-дәл бейнеленуін тапқан жоқ. Мұнымен қоса бұл мәселелер қазіргі қазақстандық қоғам үшін өте өзекті болып табылады.

Бүгінде азаматтың жеке өміріне қолсұғылмаушылық құқығын қорғау мен қамтамасыз етуге қатысты мемлекет тарапынан бірқатар құқықтық құжаттар қабылданып, іс-шаралар жүзеге асырылуда. Осыған байланысты «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жарлығында «Ақпарат мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық реттеуді де жетілдіру қажет. Осы қызмет және оның құқықтық реттелуі тұтас алғанда кенілді сөз бостандығына, адамның жеке өміріне, жеке және отбасылық құпияларына, хат жазысу, телефон арқылы сөйлесу және өзге де алысқан хабарларының құпиясына қол сұғылмауына конституциялық құқықтарының сақталуын, сондай-ақ мемлекеттік құпиялар туралы заңнама талаптарының сақталуын ескере отырып заңда тыйым салынбаған тәсілдермен кез келген ақпаратты еркін алуға және таратуға бағытталуы тиіс» деп бекітілген.

Демократиялық өзгерістерге талпынған Қазақстан Республикасында және еліміздің жаңа ақпараттық қоғамға енуі жеке өмір саласын жан-жақты құқықтық қорғаудың қажеттігін көрсетеді. Бұл жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығының тарихи құндылықтарын, осы құқықты қорғаудың қазіргі кездегі теориялық және практикалық проблемаларын, оның ары қарайғы даму үрдісін қазақстандық ғылымда зерделеусіз мүмкін емес.

Жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығы қазіргі демократиялық қоғамымыздың маңызды, іргелі және күрделі мәселелерінің бірі болып табылады. Ол адам және азаматтың өзге құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуына, тұлғаның шығармашылық дамуына, қоғам және мемлекетті демократияландыруға мүмкіндік туғызады. Себебі демократияның ары қарай дамуы дүниежүзі серпінді дамушы және бәсскеге қабілетті мемлекеттерінің қатарындағы Қазақстанның ілгері басу басымдықтарының бірі болып табылады.

Осыған байланысты А.Р. Шегебаеваның «Қазақстанның қылмыстық-құқықтық саясатында жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ету» тақырыбындағы диссертациясы өзекті болып табылады. Ол жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығының табиғатын, оның тұрақты заңдық кепілдіктерін қарау мен заңнамалық бекітілуін зерделеумен, сонымен қатар оның құқықтық қорғауды жетілдірумен байланысты. Сонымен қатар А.Р. Шегебаеваның жүргізілген зерттеу жұмысы ұлттық заңнамамыздың қарқынды дамып, жақсаруына негіз бола алады.

2. Диссертацияға қоятын талап деңгейіндегі ғылыми нәтижелер.

Диссертацияның ғылыми зерттелу дәрежесі зерттеудің осы түріне қойылатын талаптарға толықтай сәйкес келеді. Мәлімделген теориялық мәселелердің маңыздылығы, сондай-ақ адамның жеке өміріне қолсұғылмаушылық құқығын қылмыстық қорғау мәселесінің өзектілігі зерттеу жұмысының қажеттілігін арттырады. Диссертациялық жұмыстың жаңашылдығы адамның жеке өміріне қолсұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ету мәселелерін зерттеп және қолданыстағы заңнаманы жетілдіру бойынша ұсыныстар жасауға негізделген.

3. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір нәтиженің тұжырымдары мен қорытындыларын негіздеу және шынайылық дәрежесі.

Ізденушімен алынған ғылыми нәтижелер жеткілікті деңгейде анық және шынайы негізделген. Диссертацияда тұжырымдалған қорытындылар мен ұсынымдар, алға тартылған гипотезалар нормативтік құқықтық актілерді жан-жақты талдау мен жалпылаудан, монографиялық және арнайы заңдық әдебиеттердің ауқымды шеңберін зерделеу нәтижесінде алынған, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің статистикалық мәліметтерін, сот практикасының материалдарын, оның ішінде Еуропалық Сот материалдарын зерделең, талдау жолымен алынған нақты қайнар көздерге негізделген.

Автордың дүниетанымдық ұстанымдары орнықты, ой-өрісі кең, ғылыми әдістемелерді меңгеру дәрежесі жеткілікті, кәсіби біліктілік деңгейі жоғары.

Зерттеу қорытындыларының дәйектілігі оның әдістемесі және әдіс-тәсілдерімен, сонымен қатар ғылыми тұжырымдар, ұсыныстар және қорытындылар негізделген эмпирикалық материалдардың қорнекілігімен қамтамасыз етілген.

Зерттеу жұмысының **бірінші нәтижесінің** негізделу және шынайылық дәрежесі автормен жеке өмір ұғымына және оның заң әдебиеттерінде, қолданыстағы заңнамаларда алатын орнына жан-жақты талдау жасаудың негізінде отандық заңнамада «жеке өмір» ұғымына ешбір анықтама берілмегендігін анықтап, өзіндік анықтамасын ұсынған.

Зерттеу жұмысының **екінші нәтижесінің** негізделу және шынайылық дәрежесі ізденушімен жеке өмірге заңды араласудың құқықтық шектері кеңінен зерделене келе «жария адамдарға» қатысты қоғамдағы орын алып жатқан даулы мәселелерді есепке ала отырып Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексіне толықтыру енгізуді ұсынады.

Диссертациялық зерттеудің үшінші нәтижесінің негізделу және шынайылық дәрежесі қолданыстағы қылмыстық заңнамаға, яғни мемлекеттік және орыс тілдеріндегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 147-бабына жап-жақты салыстырмалы талдау жүргізудің негізінде ұсынылған.

Зерттеудің төртінші нәтижесінің негізделу және шынайылық дәрежесі ізденушімен жеке өмірге қолсұғылмашылықты қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар нормалар зерделеніп, осыған байланысты жеке өмірге қолсұғатын өзге де қылмыстардың ара жігін ажырату мақсатында ұсынылып, негізделген.

Зерттеудің бесінші нәтижесінің негізделу және шынайылық дәрежесі автормен жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығының өзге де аспектілерін толық қамтамасыз ету мақсатында жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығына қатысты арнайы баптарды жап-жақты талдаудың негізінде қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігін дәйектегенмен көрініс тапқан.

4. Ізденушінің диссертацияда тұжырымдалған әрбір ғылыми нәтижесінің (ғылыми тұжырымының) жаңалық деңгейі.

Қорғауға ұсынылып отырған диссертациялық жұмыстағы қол жеткізілген нәтижелер өзіндік жеке жаңалығымен ерекшеленеді.

Бірінші нәтиже жаңа болып табылады, себебі диссертантпен анықтама түсінікті, нақты болу қағидасы басшылыққа алына отырып алаш рет «жеке өмір» ұғымының авторлық нұсқасы ұсынылады.

Екінші жаңа болып табылады. Себебі, қоғамдағы жария адамдарға қатысты даулы мәселелерді есепке ала отырып мемлекеттік қызметкерлерге қатысты шектеуді Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 145-бабын 3-бөлікпен толықтыру енгізудің қажеттілігі жап-жақты байланысқан түрде талданып ұсынылған.

Үшінші нәтиже жаңа болап табылады. Себебі, жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын қылмыстық-құқықтық тұрғыдан қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 147-бабына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы нақты және толық негізделген ұсыныстар келтіріліп, айқындалған.

Төртінші нәтиже жаңа болып саналады. Диссертантпен жеке өмірге қолсұғатын өзге қылмыстар егжей-тегжейлі зерделеніп, олардың ара жігін ажыратуың олшемдері толық және нақты ұсынылған.

Бесінші нәтиже де жаңа болып табылады. Себебі, автормен жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығының өзге де аспектілерін толық қамтамасыз ету мақсатында қолданыстағы заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізудің қажеттілігі жап-жақты байланысқан түрде талданып ұсынылған.

5. Алынған нәтижелердің ішкі бірлігінің бағалануы.

Диссертацияда көрініс тапқан мәселелердің барлығы бір мақсатқа негізделген және ғылыми еңбекте тұтас мазмұндылық сақталған. Бөлімдер бір-бірімен өзара байланысқан, жұмыста бірізділік логикалық үйлесімділік сақталған. Диссертацияда орын алған нәтижелер өзара сабақтас және қорытындылар мен тұжырымдар мазмұндық жағынан ойластырылған.

Ғылыми нәтижелер, қорытындылар мен ұсыныстардың негізділігі, олардың қойылған міндеттерді шешуге бағыттылығы, диссертацияның құрылымы мен негізгі мәтінінің мазмұны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің ұсынатын талаптарымен сәйкес келеді.

6. Ізденушінің алған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолдабалы міндетті шешуге бағытталғандығы.

Диссертациялық жұмыста Қазақстан Республикасында азаматтардың жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын қылмыстық қорғаудың концептуалды мәселелері қарастырылған. Диссертантпен жүргізілген зерттеу жұмысы ғылыми және тәжірибелік маңыздылығымен жаңашылдыққа ие. Адам мен азаматтың жеке өміріне қолсұғылмаушылық құқығын толыққанды қамтамасыз ету бойынша қолданыстағы заңнаманы жетілдіру үшін келтірілген ұсыныстар құқық шығармашылық және құқық қолданушылық тәжірибенің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Жүргізілген зерттеудің нәтижелері жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығы институтын әрі қарай зерттеуде заң шығармашылық қызметте, құқық қорғау органдарының тәжірибелік қызметінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдары оқу орындарындағы оқу үрдісінде қолданылуы мүмкін.

7. Диссертация мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Жеке өмір құпиясын қамтамасыз ету шегінде қазіргі уақытта әлеуметтік желілерді белсенді пайдалануда адамның жеке кеңістігін қорғаумен байланысты, оның ішінде өздерінің әлеуметтік парақтарында қызметтік ақпараттарды пайдаланатын тұлғалардың ролі және интернетте осы немесе өзге де жарияланымдарға блогерлер мен басқа да адамдардың қалдыратын пікірлеріне қатысты мәселелер автормен тереңірек зерделегенде жұмыстың құндылығы арта түсер еді.

8. Диссертацияның «Ғылыми дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» ережесінің (философия докторы (PhD) талаптарына сәйкестігі.

Жалпы докторлық диссертацияға қойылған талаптарды басшылыққа ала отырып, жоғарыда аталып кеткен ескертулерге қарамастан А.Р. Шегебаева алдына қойған мақсатына қол жеткізді деп айтуға болады. Философия докторы (PhD) дәрежесін ізденуге ұсынылған «Қазақстанның қылмыстық-құқықтық саясатында жеке өмірге қолсұғылмаушылық құқығын қамтамасыз ету» тақырыбындағы Шегебаева Айгерім Рысбайқызының диссертациялық жұмысы аяқталған зерттеу жұмысы болып табылады, аталған жұмысты орындау қойылатын барлық талаптарға сәйкес келеді және оның авторы 6D030300 – Құқық қорғау қызметі мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылады.

«Қайнар» академиясының
Қазақстан тарихы және
құқық кафедрасының меңгерушісі,
заң ғылымдарының кандидаты



Н.Ж. Анахаев

Н.Ж. Анахаев
растайтын: кадр бөлімі